

"Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 502 қаулысы

"Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарғылық капиталына даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1201 қаулысымен .

2. Қоғам қызметінің мақсаты елдегі жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын берсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) республикалық бюджет қаражаты есебінен 3 000 000 000 (үш миллиард) теңге мөлшерінде Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

2) Қоғамның негізгі міндеттері болып мыналар белгіленсін:
отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесіп, венчурлық қорларды құру, инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу;

гранттар беру жолымен экономиканың коммерциялық тиімділігі мен технологиялық даму көзқарасы тұрғысынан әлеуетті перспективалы болып табылатын жаңа технологияларды, тауарларды, жұмыстарды, қызметтер көрсетуді құруға бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру;

инвестицияланатын компаниялардың жарғылық капиталына үлестік бақылаусыз қатысу жолымен инновацияларды енгізуді қаржыландыру;

инновациялық инфрақұрылымдардың мамандандырылған субъектілерін (технопарктер, технологиялық бизнес-инкубаторлар) құруға қатысу;
ғылыми-техникалық өнім рыногын қалыптастыруға қатысу;

"инновациялық технологияларды көшіру, қарызға алу және өсіру", оларды коммерцияландыру және енгізу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

3) Қоғамның Инвестициялық саясат туралы үш жылға арналған меморандумын бекітуді акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызсын;

4) Қоғамды Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркеуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.26. N 776 қаулысымен .

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Республикалық инновациялық қор" жабық акционерлік қоғамның одан әрі қызметінің орындылығы туралы ұсыныс енгізісін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін :

1) < * >

Ескерту. 6-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.07.23. N 733 қаулысымен .

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада :

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне " деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 268-1-жолмен толықтырылсын: "268-1 "Ұлттық инновациялық қор" АҚ".

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі